

«Электр желілерін басқару жөніндегі
Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan
Electricity Grid Operating Company)
«KEGOC» АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



Астана қ., 2026 жыл

Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының 2025 жылғы жұмыс істеуін талдау

Мазмұны

1. Жалпы	4
1.1. Электр энергиясын жеткізу	5
1.2. Электр энергиясымен жабдықтау	5
1.3. Қазақстан БЭЖ-інің электр энергиясын өндіруі және тұтынуы	7
1.3.1. Қазақстан БЭЖ-інің өндіруі және тұтынуы бойынша тарихи деректер	Ошибка! Закладка не определена.
1.3.2. Электр станциялары тұрғысынан алғанда 2024 және 2025 жылдардағы электр энергиясын өндіруді салыстыру	10
1.3.4. Электр станцияларының түрлері бойынша 2025 жылғы электр энергиясын өндіру	17
1.3.5. ЖЭК түрлері бойынша 2025 жылғы электр энергиясын өндіру	18
1.3.6. Компаниялар топтары тұрғысынан алғанда 2025 жылғы электр энергиясын өндіру	18
1.3.7. ҚР БЭЖ-інің 2025 жылғы тұтынуы	19
2. ҚР БЭЖ-нің іргелес (шектес) энергия жүйелерімен сальдо-ағындары (экспорт/импорт)	21
3. «KEGOC» АҚ көрсететін жүйелік қызметтер [1]	21
5. Электр қуаты нарығы	25
7. Нақты уақыттағы ЭТН	34
8. ЖЭК. Энергияны жинақтау жүйелері. Атом энергетикасы	36
8.1. Жаңартылатын энергетиканы дамыту	Ошибка! Закладка не определена.
8.2. Энергияны жинақтау жүйелері	37
9. Халықаралық энергетикалық қатынастар	38
9.1. Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерімен өзара қарым-қатынасы.	Ошибка! Закладка не определена.
9.2. Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру шеңберіндегі интеграция	39
10. Электр энергетикасы саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар	40
Пайдаланылған әдебиеттер және дереккөздерге сілтемелер	42

Кіріспе

Осы электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығын талдауда электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының жұмыс істеуі туралы ақпарат, Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің өндірістік көрсеткіштері, республиканың энергия жүйесінің басқа елдердің энергия жүйелерімен өзара қарым-қатынасы 2025 жыл бойынша көрсетілген.

«KEGOC» АҚ Нарықты талдау және заңнамалық бастамалар департаменті тиісті кезеңдерді аяқтау қорытындылары бойынша жартыжылдық және жылдық талдауды дайындау бойынша тұрақты жұмыс жүргізетін болады.

Келесі талдауда (2025 жылғы) төмендегілер көрсетіледі:

- электр энергиясының көтерме және теңгерімдеуші нарықтарындағы қалыптасқан бағалар;
- Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясын өндіру/тұтыну, сатып алу/сату көлемі;
- шектес елдердің энергия жүйелерімен қарым-қатынастар туралы өзекті ақпарат;
- заңнамаға енгізілген өзгерістер; сонымен қатар Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме нарығына, оның ішінде оны одан әрі дамытуға және электр энергетикасы саласындағы жоспарларға қатысты ақпарат.

1. Жалпы

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы республика тұтынушыларын сенімді және сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр жеткізу желілерінің және қосалқы станциялардың жиынтығын білдіретін Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесі (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) жағдайында жұмыс істейді.

ҚР БЭЖ-і шартты түрде үш аймаққа бөлінген – Солтүстік, Оңтүстік және Батыс.

Солтүстік аймаққа Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстары және Астана қаласы кіреді.

Оңтүстік аймаққа Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстары, Алматы және Шымкент қалалары кіреді.

Құрамына Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары кіретін Батыс өңірдің республика аумағы бойынша біріккен Солтүстік және Оңтүстік аймақтарымен электр байланысы жоқ.

Электр энергетикасы нарығы электр энергиясы мен қуаттың көтерме нарығынан және электр энергиясының бөлшек сауда нарығынан тұрады.

Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығы - электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері арасындағы қатынастар жүйесіне:

- электр энергиясының көтерме сауда нарығы (тәуліктік кестеге енгізілген электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алу және сату)

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы (операциялық тәулікте туындайтын сағаттық теңгерімсіздіктерді физикалық және кейінгі қаржылық реттеу (сатып алу және сату))

- электр қуаты нарығы (генерацияға инвестициялар)

- жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы (көтерме сауда нарығы субъектілерінен жүйелік оператордың қосалқы қызметтерді сатып алуы және жүйелік оператордың көтерме сауда нарығы субъектілеріне жүйелік қызметтер көрсетуі) кіреді.

Электр энергетикасы нарығының жұмыс істеу шарттары мен тәртібін, сонымен қатар нарық субъектілерінің құқықтары мен міндеттемелерін және оларға қойылатын талаптарды регламенттейтін негізгі заңнамалық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі
2. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

1.1. Электр энергиясын жеткізу

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын жеткізуге және (немесе) таратуға арналған қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды қосатын кернеуі 0,4–1150 кВ электр жеткізу желілерінің жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының БЭЖ-інде жүйе құраушы желінің рөлін республиканың өңірлері мен шектес мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электр байланыстарын, сонымен қатар электр станцияларының электр энергиясын жеткізуін және оны көтерме тұтынушыларға жеткізуді қамтамасыз ететін Ұлттық электр торабы (бұдан әрі – ҰЭТ) орындайды. ҰЭТ құрамына кіретін, кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын қосалқы станциялар, тарату құрылғылары, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері және электр жеткізу желілері жүйелік оператор болып табылатын «KEGOC» АҚ балансында болады.

Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлер ішіндегі электр байланыстарын, сонымен қатар электр энергиясын бөлшек тұтынушыларға беруді қамтамасыз етеді. Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлік электр желілік компаниялардың (бұдан әрі – ӨЭК) және басқа да энергия жеткізуші ұйымдардың теңгерімінде және пайдалануында болады.

Энергия жеткізуші ұйымдар (бұдан әрі – ЭЖҰ) шарттар негізінде электр энергиясын көтерме сауда нарығының тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға (бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына) меншікті немесе пайдаланылатын (жалдау, лизинг, сенімгерлік басқару және пайдаланудың өзге де түрлері) электр желілері арқылы жеткізуді жүзеге асырады.

2025 жылы «KEGOC» АҚ-ның ысыраптарының нақты көлемі ұлттық электр торабына электр энергиясын босату көлемінің (өндіріс 123 110,9 млн. кВтсағ) 4,8%-ын құрады.

1.2. Электр энергиясымен жабдықтау

Қазақстан Республикасының бөлшек сауда нарығында электр энергиясымен жабдықтауды энергиямен жабдықтаушы ұйымдар (бұдан әрі – ЭЖҰ) жүзеге асырады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бөлшек сауда нарығында электр энергиясымен жабдықтау функцияларын өңірлік электр желілік компаниялары жүзеге асырады.

Бұл ретте, энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия келесі біліктілік талаптарына сәйкес келетін ұйымдарға беріледі:

1) ҰЭТ-пен тікелей технологиялық байланысы бар кернеудің кемінде төрт класының (220, 110, 35, 20, 10, 6, 0,4 кВ) электр желілерінің (кабельдік немесе әуелік электр жеткізу желілерінің) болуы;

2) электр энергиясын тікелей қосылған, оның ішінде жалпы үй желілері арқылы кемінде 30000 тұтынушының болуы.

Бұл ретте, «Электр энергетикасы туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 3-7-тармағына сәйкес, энергиямен жабдықтаушы ұйымға электр энергиясын оның электр желілері орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың) шегінде ғана өткізуге рұқсат етіледі.

ЭЖҰ (Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар) соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына кейіннен сату үшін электр энергиясын бірыңғай электр энергиясын сатып алушыдан және (немесе) нетто-тұтынушылардан сатып алады.

Заңның 13-бабының 3-3-тармағымен энергиямен жабдықтаушы ұйымға электр энергиясын өткізуге (сатуға) тыйым салынады:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден сатып алынған электр энергиясының көлемін өткізетін энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды қоспағанда, цифрлық майнерлерге, басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымға, сондай-ақ оны басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымнан алуға (сатып алуға) тыйым салынады;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын, жүйелік оператор қалыптастыратын қуат нарығы тұтынушыларының тізбесіндегі тұтынушыларға беріледі.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу мүмкіндігіне жүйелік оператор қалыптастыратын көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген ЭЖҰ ие.

Ол үшін ЭЖҰ мынадай талаптарды сақтауды талап ететін жүйелік қызметтер көрсетуге шарттарды жасауы қажет:

- электр энергиясын энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алу құқығына лицензияның болуы;

- орташа тәуліктік (базалық) қуаты кемінде 1 МВт көлемінде электр энергиясын энергиямен жабдықтау жөніндегі талаптарды орындау.

Сонымен қатар, ҚР Энергетика министрінің 2026 жылғы 23 ақпандағы № 87-н/қ бұйрығымен Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларының 4-тармағына толықтырулар енгізілді. Олар Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес, ЭЖҰ-ларға бөлшек сауда нарығында жиынтық рұқсат етілген қуаты бес мегаваттан (5 МВт) аз бөлшек сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын сатуды жүзеге асыру бойынша қосымша талапты көздейді.

Бұл ретте, жиынтық рұқсат етілген қуаты бес мегаваттан аз бөлігіндегі аталған талап мыналарға қолданылмайды:

1. Қазақстан Республикасының бейрезидент-ұйымдарына;

2. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріне, оның ішінде мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарға;

3. Магистральдық құбыржолдар арқылы мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға.

Электр энергиясын сатып алу үшін ЭЖҰ электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен белгіленген нысан бойынша тиісті шарттар жасасады. ЭЖҰ сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығымен (бұдан әрі – ЭТН ЕО) теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын, сондай-ақ қосылу шартын жасасуға міндетті.

1.3. Қазақстан БЭЖ-і электр энергиясын өндіру және тұтыну

1.3.1. Қазақстан БЭЖ-і өндіру және тұтыну бойынша тарихи деректер

Төменде диаграммада электр станцияларының белгіленген және қолда бар қуаты, ең жоғары жүктеме және ҚР БЭЖ максималды генерациясы көрсетілген.

Қазақстан БЭЖ-і электр станцияларының жоғары белгіленген қуатына қарамастан, олардың қолда бар қуаты орта есеппен 15-20% - ға төмен.

Бұл айырмашылық негізінен техникалық шектеулермен байланысты:

- ГЭС су режимдерімен (мысалы, су қоймасындағы шектеулі су ресурстары, суармалы егіншілік қажеттіліктері үшін берілген су шығынын қамтамасыз ету мақсатында су қоймасының мерзімінен бұрын іске қосылуы);

- жобалау шарттарынан ауытқуларымен;

- генерациялаушы активтердің моральдық тозуы және қазандықтардың жай-күйімен;


- температуралық режимдермен;

- салқындату жүйесімен.

Сонымен қатар, 1990 жылдан бастап 2025 жылдың 1 жартыжылдығына дейінгі барлық ауқымда генерацияның максимумы Қазақстанның БЭЖ-і жүктемесінің максимумын қамтымады. Бұл өз кезегінде электр станцияларының генераторлық жабдықтарын авариялық тоқтатуға, жоспарлы және жоспардан тыс жөндеуге байланысты қолда бар қуат пен жұмыс қуаты арасындағы айырмашылыққа байланысты.

Ішкі электр станциялары қамтымайтын қуат тапшылығы шектес электр жүйелерінен, негізінен Ресейдің БЭЖ-ден импорттау есебінен қамтылады.

МВт



* 2021 жылы жүктеменің максимумы 330 МВт көлемінде, 2022 жылы 676 МВт көлемінде цифрлық майнерлерге енгізілген шектеулерді ескере отырып, көрсетілген.

1990 жылдан бастап 1997-2000 жылдары тарихи минимумға жеткен ең жоғары тұтыну мен генерацияның төмендеуі байқалды.

Жүктеменің тарихи ең жоғары шегі (пиктік максимумы) 2025 жылғы 18 желтоқсанда сағат 17:55-те – 17 724 МВт деңгейінде тіркелді, бұл ретте генерацияның (электр энергиясын өндірудің) максимумы 16 684 МВт-ты, тапшылық – 831 МВт-ты құрады.

Келесі диаграммада ҚР БЭЖ-інің 1990-2025 жылдардағы электр энергиясын өндіруі мен тұтынуы көрсетілген



1990 жылдан бастап электр энергиясын тұтынудың төмендеуі байқалады. Ол 100,4 млрд кВт·сағ-тан 1999 жылы 50,7 млрд кВт·сағ-қа дейін азайды. Өндіріс бойынша да 1990 жылдан бастап төмендеу үрдісі орын алып, 83 млрд кВт·сағ-тан 1999 жылы өзінің тарихи ең төменгі көрсеткіші 47,5 млрд кВт·сағ-қа жетті.

Бұдан әрі, 1999 жылдан бастап электр энергиясын тұтыну мен өндірудің өсуі байқалады. Олар 2025 жылы тиісінше 124,6 млрд кВт·сағ және 123,1 млрд кВт·сағ деңгейіндегі тарихи ең жоғары шегіне (максимумына) дейін артты.

Тұтыну мен өндірістің төмендеуі де, өсуі де елдегі және әлемдегі экономикалық жағдаймен тікелей байланысты.

1.3.2. Электр станциялары бөлінісінде 2024 және 2025 жылдардағы электр энергиясын өндіруді салыстыру

млн. кВтсағ

Электр станциялары	2024 жыл	2025 жыл	+ / - , %
Барлығы Қазақстан БЭЖ-і бойынша	117915.400	123110.873	104.41
Шығыс Қазақстан облысы	7643.453	7560.888	98.92
«АЭС Усть-Каменогорская ТЭЦ» АҚ	1932.103	1911.771	
«АЭС Согринская ТЭЦ» ЖШС	360.900	397.190	
Риддер ЖЭО «Шығыс Жылу» КММ филиалы	22.239	81.483	
«Казцинк» ЖШС Бұқтырма ГЭК	3179.770	3084.604	
«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС	1891.212	1827.386	
Тишинская ГЭС «Компания ЛК ГЭС» ЖШС	34.685	35.222	
Хариузовская ГЭС «Компания ЛК ГЭС» ЖШС	25.047	28.877	
Ульбинская ГЭС «Компания ЛК ГЭС» ЖШС	130.168	130.585	
ГЭС «Тургусун-1» ЖШС:	67.323	62.883	
Шығыс Қазақстан облысының ГЭС нетто-тұтынушысы	0.000	0.877	
Шығыс Қазақстан облысының КЭС нетто-тұтынушысы	0.006	0.009	
Абай облысы	2662.356	2519.851	94.65
Семей ЖЭО-1 «Теплокоммунэнерго» МКК	21.002	35.062	
«АЭС Шульбинская ГЭС» ЖШС	2056.663	1871.546	
КЭС Жангиз «Жангиз Солар» ЖШС	42.559	45.238	
Абай облысының КЭС нетто-тұтынушысы	0.007	0.013	
ЖЭС "Чарск Ветер" ЖШС (ЖЭС кешені)	40.299	38.448	
100 МВт «Абай -1» ЖЭС ЖШС	340.446	357.190	
100 МВт «Абай -2» ЖЭС ЖШС	161.379	172.355	
Қарағанды облысы	12213.589	12695.121	103.94
ГРЭС-1 ЧК «Nova Novatis Ltd.»	576.519	555.972	
Қарағанды ГРЭС «ТОПАР» ЖШС	3411.496	3832.811	
Балқаш ЖЭО «Казахмыс Энерджи» ЖШС	948.250	1023.277	
ЖЭО-1 «Қарағанда - Энергоцентр» ЖШС	94.931	106.317	
ЖЭО-2 «Qarmet» АҚ (АМТ)	2203.493	2462.399	
ЖЭО-1 «Қарағанда - Энергоцентр» ЖШС	4176.275	3747.620	
ЖЭО «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС	17.141	33.056	
ЖЭО-ПВС «Qarmet» АҚ (АМТ)	407.478	312.179	
Ынтымақ мини ГЭС «Казводхоз» РММ	4.208	4.192	
БГҚ «Агрофирма Курма» ЖЭС	0.604	1.830	
ЖЭС «Гиперборея» «Гиперборея» ЖШС (ЖЭС кешені)	4.121	211.183	
«Сарань» КЭС «SES Saran» ЖШС	119.821	130.012	
«Гульшат» КЭС «КПМ «Дельта» ЖШС	58.625	65.941	
«Агадырь -1» КЭС «КазСолар-50» ЖШС	66.283	74.805	

«Агадырь -2» КЭС «КазСолар-50» ЖШС	38.282	42.511	
«Балқаш» КЭС «KAZ GREEN ENERGY» ЖШС	86.053	90.864	
Қарағанды облысының КЭС нетто-тұтынушысы	0.009	0.153	
Ұлытау облысы	2040.738	2416.942	118.43
Жезқазған ЖЭО «Қазақмыс Энерджи» ЖШС	991.705	1188.639	
Кумколь ГТЭС «ПҚКР» АҚ	345.332	306.083	
Ақшабулак ГТЭС «Кристалл менеджмент» АҚ	689.136	732.036	
«Кенгир» КЭС «KAZ GREEN ENERGY» ЖШС	14.512	15.926	
КЭС «BaRG» ЖШС	0.053	0.244	
«Жез-Солар» КЭС «ЖЗМК» ЖШС		1.390	
"Жезказған" ЖЭС "Mezgilder Qushteri" ЖШС		172.625	
Қостанай облысы	1354.779	1285.485	94.89
ЖЭО «ССГПО» АҚ	887.557	817.201	
Қостанай ЖЭО «КТЭК» МКМ	67.948	60.852	
ЖЭО МКМП КТЭК (Қостанай ЖЭО-2)	19.235	17.802	
Арқалық ЖЭО «АТЭК» МКМ	15.723	17.887	
«Ыбырай» ЖЭС «Жел Электрик» ЖШС	199.327	196.547	
«Арқалық» ЖЭС «KazWind Energy» ЖШС	164.989	174.198	
«Aspan Energo» ЖШС ЖЭС	0.000	0.225	
«Күншуақ-2025» ЖШС ЖЭС	0.000	0.769	
Қостанай облысының КЭС нетто-тұтынушысы	0.000	0.004	
Павлодар облысы	48345.363	49121.886	101.61
"Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	22543.693	24572.934	
«Станция Экибастузская ГРЭС-2» АҚ	6045.210	5246.227	
ЖЭО «Алюминий Казахстана» АҚ	2138.195	1785.343	
ЖЭО-2 «Павлодарэнерго» АҚ	492.353	511.732	
ЖЭО-3 «Павлодарэнерго» АҚ	2926.062	2755.701	
Екібастұз ЖЭО «Energy Solutions Center» ЖШС	70.260	64.100	
«ЕЭК» АҚ ЭЖ	14099.074	14163.276	
«УПНК-ПВ» ЖШС	30.517	22.571	
Павлодар облысының КЭС нетто-тұтынушысы	0.000	0.001	
Солтүстік Қазақстан облысы	2337.582	2517.911	107.71
ППЖЭО-2 ВКАЗЭНЕРГО» АҚ	2329.496	2510.670	
ЖС-1 «Зенченко и К» КС	1.386	0.622	
ЖЭС-2 «Зенченко и К» КС	2.791	3.173	
ЖЭС «Иван Зенченко» ТОО	3.908	3.446	
Ақмола облысы	5764.475	6387.067	110.8
Ақмола энергия торабы	5335.663	5706.975	106.96
ЖЭО-1»Астана-Энергия» АҚ	108.495	107.319	
ЖЭО-2 «Астана-Энергия» АҚ	3784.493	4071.502	
ЖЭС Ерейментау-1 «ПВЭС» ЖШС	137.350	149.274	
ЖЭС «Astana Expo» «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС	308.663	314.734	
«Golden Energy corp» ЖШС (ЖЭС 4,95 МВт)	9.634	9.896	
«Golden Energy corp» ЖШС (ЖЭС 25 МВт)	51.348	69.453	
ЖЭС «Борей-1» «Borey Energo» ЖШС	164.234	174.810	
ЖЭС «Борей-2» «Borey Energo» ЖШС	177.112	185.047	
ЖЭС «Energo Trust» ЖШС	162.275	185.598	
ЖЭС «Тургай» «ПФ ЭлектроСетьСтрой» ЖШС	9.308	4.386	
«ЖЭС Восток Ветер» ЖШС	26.922	20.435	
«ЖЭС Alcor Energy» ЖШС	14.112	14.080	
«СВЭ» ЖШС- ЖЭС «Софиевская»	136.388	143.444	
«ЖЭС Аркалыкская - 1» ЖШС	16.710	17.428	
«ЖЭС Аркалыкская - 2» ЖШС	33.377	35.255	
«Jasil Jel Energy» ЖШС ЖЭС «Jasil Jel Energy-1» 10МВт	33.936	36.366	
«Jasil Jel Energy» ЖШС ЖЭС «Jasil Jel Energy-2» 4,95 МВт	16.814	17.086	
КЭС «Нура» «KB ENTERPRISES» ЖШС	144.359	150.709	
Астана қ. КЭС нетто-Тұтынушы	0.134	0.152	
Көкшетау энергия торабы	428.812	680.092	158.6
«Степногор ЖЭО» ЖШС	376.096	582.442	

«Красный Яр» ЖЭС «ВИЧИ» ЖШС	24.922	25.271	
«Красный Яр» ЖЭС («Эталон Пауэр» ЖШС)	2.279	2.480	
«Елікті ЖЭС («Эталон Пауэр» ЖШС)	25.515	69.900	
Ақтөбе облысы	4127.366	4462.822	108.13
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	803.263	843.231	
ГТҚ-57 «Ақтөбе ЖЭО» АҚ	409.773	415.816	
ГТҚ ЭС «Казхром» ТНХ АЗФ	666.417	805.956	
ГТҚ-37 ЭС «Казхром» ТНХ АЗФ	214.696	261.176	
ЖаңажолЖГТЭС (ГТЭС-56) «AMF-Group» АҚ	846.575	836.040	
ГТЭС-45 «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	27.535	14.585	
ПТЭС-160 «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	609.596	612.141	
ГПЭС «Ю.Каратөбе» «Казахтуркмунай» ЖШС	23.637	26.444	
ГПЭС «Башенколь» «Фирма Ада Ойл» ЖШС	3.581	3.790	
ГПЭС «АРБЗ» «Транспортные технологии» ЖШС	134.508	51.338	
ГПЭС «Восход» «Восход-Oriel» ЖШС	20.876	21.717	
ГПЭС «Green Capital Kazakhstan» ЖШС	8.601	27.713	
ЖЭС «Бадамша-1» «Plenitude Kazakhstan» ЖШС	165.918	172.507	
ЖЭС «Бадамша-2» «Plenitude Kazakhstan» ЖШС	191.468	161.412	
ЖЭС «Хромтау» «КЭЗ» ЖШС	0.923	197.081	
ЖЭС "Darmen Shuak-2" "Darmen Shuak" ЖШС	0.000	5.930	
ЖЭС "Darmen Shuak-1" "Next Green Energy" ЖШС	0.000	5.945	
Атырау облысы	8143.002	10555.406	129.63
«Атырау ЖЭО» АҚ	2088.772	2292.183	
ЖЭО «АМӨЗ» ЖШС	191.995	182.938	
ПТГ «Karabatan Utility Solutions» ЖШС	0.000	709.619	
ТГТЭС-1 (ГТЭС-144) «Теңізшевройл» ЖШС	418.141	532.796	
ТГТЭС-2 (ГТЭС-480) «Тенгизшевройл» ЖШС	378.283	294.359	
ТГТЭС-3 (ГТЭС-242) «Теңізшевройл» ЖШС	970.424	1087.024	
ТГТЭС-4 (ГТЭС-625) «Теңізшевройл» ЖШС	1017.620	2611.653	
ЭС «Қашаған» AGIP KCO NCOC	1134.492	1165.951	
ГПЭС «Sagat Energy» ЖШС	0.000	0.000	
ГТС «Karabatan Utility Solutions» ЖШС	1743.008	1414.996	
«Тайман-2» ЖЭС «ВетроЭнергоТехнологии» ЖШС	198.992	192.798	
«Доссор» ЖЭС «Дивитэл» ЖШС	1.275	71.072	
Атырау облысының КЭС Нетто тұтынушысы		0.017	
Маңғыстау облысы	5378.805	5122.509	95.24
ЖЭО-1 «МАЭК» ЖШС	175.549	150.007	
ЖЭО-2 «МАЭК» ЖШС	1882.306	1719.233	
ЖЭО «МАЭК» ЖШС	2541.853	2358.346	
ГТЭС «Қаламқас» «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС	348.708	362.346	
ГПЭС «Жаңаозен» «ОзенМунайПром» ЖШС	90.656	90.644	
ГПЭС «КазАзот» АҚ	223.246	197.135	
КЭС «Батыр» «Group Independent» ЖШС	3.105	2.984	
Маңғыстау облысының КЭС Нетто тұтынушысы		11.630	
ЖЭС «СП Редкометальная компания» ЖШС		0.825	
ЖЭС «Сервис» ЖШС	0.053	0.131	
ЖЭС «Жангиз» ЖШС	75.346	53.009	
«Акшукур» ЖЭС БЕСТ Групп-НС ЖШС	19.571	17.878	
«Жетыбай» ЖЭС ЖЭС «Sarkylmas Kuat» ЖШС	10.004	9.202	
Батыс Қазақстан облысы	8.409	8.548	
Орал ЖЭО «Жайықтеплоэнерго» АҚ		140.591	
ПГҚ Орал ЖЭО «Жайықтеплоэнерго» АҚ	2338.222	2240.665	95.83
ГТЭС КПК «КПО б.в.»	122.175	138.640	
«Уральская ГТЭС» ЖШС	200.158	32.782	
ГТЭС-200 «Батыс Пауэр» ЖШС,	958.826	899.143	
ГТЭС-26 «Жайықмұнай» ЖШС	385.754	328.019	
Алматы облысы	569.365	747.846	
Алматы ЖЭО-1 «АлЭС» АҚ	101.944	94.235	

Алматы ЖЭО-2 «АлЭС» АҚ	7161.280	7016.905	97.98
Алматы ЖЭО-3 «АлЭС» АҚ	327.078	410.324	
Қапшағай ГЭС «АлЭС» АҚ	2516.623	2609.104	
Каскад ГЭС «АлЭС» АҚ	879.557	810.706	
«Мойнақ ГЭС» АҚ	1280.423	1120.160	
Талғар ГЭС «Almaty Engineering» ЖШС	192.223	171.008	
Маңғыстау облысы	1070.594	978.978	
ЖЭО-1 «МАЭК» ЖШС	17.133	19.090	
Есік ГЭС-1 "Гидро-Пауэр" ЖШС	14.556	15.756	
Есік ГЭС-2 «КазЭлектроЭнергия» ЖШС	24.144	18.606	
Есік ГЭС-3 «Энергия Өлемі» ЖШС	2.100	2.476	
ГЭС-2 «Медеу-2» «Бастау Энерго» ЖШС	2.421	2.589	
ГЭС «Академик Ш.Ш.Шокин атындағы КазФЭ Энергетика институты» АҚ	0.000	0.000	
Жетисуэнерджи «Мини ГЭС «Караш» ЖШС	0.000	0.000	
«DEF ГЭС» ЖШС «ГЭС Энерго-Алматы»	0.330	0.223	
ГЭС «ЕС Energy Qazaqstan» ЖШС	7.166	6.885	
ГЭС «Каргалы» «ЖЭС Толкын» ЖШС	0.292	7.587	
"Конаев и Компания" ЖШС (Қақпақ ГЭС)	1.548	9.098	
Қапшағай КЭС «Samruk Green Energy» (2 МВт) ЖШС	3.201	3.345	
Қапшағай КЭС «Samruk Green Energy» (416 МВт) ЖШС	0.628	0.647	
Қапшағай КЭС «Samruk Green Energy» (1 МВт) ЖШС	1.413	1.576	
КЭС «Шу» «М-Kat Green» ЖШС	169.657	182.342	
КЭС «Қаскелең» «MISTRAL ENERGY» ЖШС	76.093	81.417	
КЭС «Сарыбұлақ» «КапшағайСоларПарк» ЖШС	9.087	9.394	
КЭС «Капчагай» «ТехноБазальт» ЖШС	5.762	6.002	
КЭС «ENEVERSE KUNKUAT» ЖШС	156.469	165.405	
КЭС «ЛУКОЙЛ-Экоэнерго Казахстан» ЖШС	0.000	0.444	
Алматы облысының КЭС Нетто-тұтынушысы	0.115	0.858	
ЖЭС «Қапшағай» «Аннар» ЖШС	3.951	3.631	
ЖЭС «Нурлы» - 1 «Нурлы» ЖШС	7.101	6.044	
ЖЭС «Нурлы» - 2 «Нурлы» ЖШС	9.056	8.293	
«Шелек» ЖЭС «Samruk- Green Energy» ЖШС	15.772	15.531	
ЖЭС «Шелек» «Жеруық Энерго» ЖШС	115.196	113.337	
ЖЭС «Шелек» «Энергия Семиречья» ЖШС	227.289	211.612	
ЖЭС «Сарыбұлақ» ЖШС	7.358	8.454	
ЖЭС «Сарыбұлақ-2» ЖШС	7.491	7.198	
ЖЭС «Кербұлақ» ЖШС	6.605	6.757	
ЖЭС «Кербұлақ-2» ЖШС	2.846	2.031	
Жетісу облысы	875.368	1009.682	115.34
Текелі ЖЭО-2 «Текелийский энергокомплекс» ЖШС	192.779	182.057	
Текелі ПГҚ «Текелийский энергокомплекс» ЖШС	0.000	59.531	
Қойлық ГЭС-3 (Антоновская)	0.000	1.015	
Бибақан ГЭС-4 (Успенновская)	9.339	9.313	
Сарқанд ГЭС	9.439	7.982	
Ынталы ГЭС	6.615	6.071	
«Аксу-1» ГЭС	0.000	0.000	
«Верх-Басканская-1» ГЭС	12.852	11.882	
Жоғары Басқан ГЭС-2,3 («Baskan Power» ЖШС)	16.260	13.209	
«Лепсы-2» ГЭС	2.581	20.698	
Коринская ГЭС	73.914	64.458	
Коринская ГЭС ГЭС-3 «Коринская ГЭС-2» ЖШС	109.969	101.565	
ШЖҚ РММ филиалының «Қорғас» ГЭС-і		85.387	
ГЭС-1 «Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС	0.000	6.941	
ГЭС-2 «Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС	44.923	41.100	
ГЭС-3 «Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС	23.896	20.622	
ГЭС-4 «Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС	21.078	18.207	

Чижинская ГЭС	16.904	15.222	
КЭС Т»АлматыЭнергоПроджект» ЖШС	138.615	116.111	
Жетісу облысының КЭС Нетто-тұтынушысы	7.403	7.758	
ЖЭС «Eco Watt АКА» ЖШС	0.671	2.581	
Алматы облысының КЭС Нетто-тұтынушысы	188.129	217.972	
Жамбыл облысы	4880.275	5662.776	116.03
“Жамбыл ГРЭС» АҚ	3438.896	4218.113	
Жамбыл ЖЭО-4 «Таразэнергоорталық» АҚ	146.020	121.650	
Мерке ГЭС-1,2 «Гидроэнергетическая компания» ЖШС	13.289	14.081	
Мерке ГЭС-3 «РемКоммСтрой» ЖШС	6.070	5.327	
Қарақыстақ ГЭС «Жамбыл ГЭС» ЖШС	8.402	5.636	
Тасоткельская-1 ГЭС «Компания А&Т» ЖШС	21.212	11.736	
Тасоткельская-2 ГЭС «Компания А&Т» ЖШС	29.834	27.575	
ЖЭС «К-1» «Изен-Су» ЖШС	1.593	2.323	
Қордай ЖЭС «VISTA International» ЖЭС	73.729	71.517	
Қордай ЖЭС «ВетроИнвест» ЖЭС	99.959	103.851	
ЖЭС «Жанатас» «Жанатасская» ЖШС	387.582	399.145	
ЖЭС «Шенгельди-1» ЖШС	14.233	4.059	
ЖЭС «Шенгельди-2» ЖШС	14.940	3.868	
ЖЭС «Новотэкс» ЖШС	14.924	4.191	
ЖЭС «Шоқпар Жел Электр станциясы» ЖШС	326.526	340.488	
ЖЭС «Коктал-1» «Wind Power city» ЖШС	15.337	14.160	
ЖЭС «Коктал-2» «Wind Electricity» ЖШС	16.532	15.338	
КЭС «Burnoye Solar-1» ЖШС	77.014	85.294	
КЭС «Burnoye Solar-2» ЖШС	72.872	79.887	
КЭС «Айша» «АЕС Аса» ЖШС	74.026	93.704	
КЭС «Аральск» «АЕС Аса» ЖШС	26.573	40.019	
КЭС «Отар» «КазЭкоВатт» ЖШС	0.710	0.734	
Жамбыл облысының КЭС Нетто-тұтынушысы		0.081	
Қызылорда облысы	528.497	536.733	101.56
ЖЭО-6 «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК	74.222	70.657	
КОГТЭС «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК	203.748	259.107	
ЖЭС «СКЗ-У» ЖШС	98.542	51.145	
ЖЭС «СКЗ-У» ЖШС	0.000	0.000	
ЖЭС «Байкен-У» ЖШС	0.604	0.359	
КЭС «Baikonyr Solar» ЖШС	0.347	0.386	
КЭС «Жаңақорған» «ХЕК-КТ» ЖШС	79.743	79.556	
КЭС «Жалағаш» «Номад Солар» ЖШС	19.853	19.986	
Жамбыл облысы	51.438	50.233	
“Жамбыл ГРЭС» АҚ	0.000	4.983	
Жамбыл ЖЭО-4 «Таразэнергоорталық» АҚ	0.000	0.149	
Мерке ГЭС-1,2 «Гидроэнергетическая компания» ЖШС	0.000	0.174	
Түркістан облысы	2120.250	1998.225	94.24
Шымкент ЖЭС-3 «3-Энергоорталық» АҚ	868.183	851.010	
ЖЭО-5 «Кентау сервис» МКК	8.496	32.838	
ЖЭО «ПКОП» ЖШС	99.296	30.374	
ЖЭО «ПКОП» ЖШС	0.000	69.091	
КЭС «Очистой» «Аксу-Энерго» ЖШС	1.532	1.687	
КЭС «Ақбай» «Аксу-Энерго» ЖШС	1.563	1.740	
КЭС «Жылға» «EcoProTech-Astana» ЖШС	31.258	33.246	
КЭС «Задарья-1» «KazGreenTekSolar» ЖШС	20.633	21.227	
КЭС «Задарья-2» «KazGreenTekSolar» ЖШС	8.914	9.463	
КЭС «Жатысай» «Компания KaDi» ЖШС	8.043	8.714	
КЭС «Шолаққорған» «ЮКСЭС 50» ЖШС	85.785	92.618	
КЭС «Шымкент» «HEVEL KAZAKHSTAN» ЖШС	33.365	36.028	
КЭС «Кентау» «HEVEL KAZAKHSTAN» ЖШС	88.865	93.492	
КЭС «Шоктас» «KZT Solar» ЖШС	88.630	96.185	
КЭС «Кушата» «KZT Solar» ЖШС	18.058	19.352	


КЭС «Макпал» «Инженерная Арена» ЖШС	6.638	8.094	
КЭС «Отпар» «Cascade NRG» ЖШС	2.791	2.523	
КЭС «Шаульдер» «Plenitude Kazakhstan» ЖШС («Arm Wind» ЖШС)	91.065	94.681	
Түркістан облысының КЭС Нетто-тұтынушысы (ЖК*)	0.915	3.866	
ГЭС «Манкент» «Аксу-Энерго» ЖШС	16.102	12.131	
ГЭС «Кошкар-Ата» «Келес гидрострой» ЖШС	4.878	2.477	
ГЭС «Рысжан» «Келес гидрострой» ЖШС	3.941	1.961	
ГЭС «Дархан» «Келес гидрострой» ЖШС	21.915	13.571	
МГЭС «Достык» «Salem Consulting» ЖШС	5.046	4.788	
ГЭС «Кенес» «Ак-Су Куат» ЖШС	11.614	11.085	
ГЭС ӨК «Ынтымақ АӨК»	9.316	10.003	
« Шардара ГЭС» АҚ	583.407	435.984	

2025 жылы электр энергиясын өндіру көрсеткіші 2024 жылғы деңгейден асты, бұл ретте екі жылды салыстыру кезінде энергия тораптары бөлінісінде мынадай үрдістер байқалады:

- Атырау, Ұлытау, Жамбыл, Жетісу, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Павлодар және Қызылорда энергия тораптарында өсу;
- Шығыс Қазақстан, Алматы, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Абай және Түркістан энергия тораптарында төмендеу.

1.3.3. Қазақстан БЭЖ-і энергия тораптары бойынша электр энергиясын өндіру.


2025 жылы электр энергиясын өндіру, млн. кВт·сағ



Диаграммадан көрініп тұрғандай, электр энергиясының басым бөлігі Павлодар энергия торабында өндіріледі.

Электр энергиясы ең аз өндірілетін аймақтар – Көкшетау және Қызылорда энергия тораптары (1 млрд кВт·сағ-тан аз).


1.3.4. 2025 жылы электр станцияларының түрлері бойынша электр энергиясын өндіру




Қазақстан БЭЖ-індегі электр станциялары отынының негізгі түрі – көмір, газбен жұмыс істейтін электр станциялары (ГТЭС және ЖЭС) екінші орында, одан кейін өндіру көлемі бойынша үшінші орында – гидроэлектростанциялар.

Жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – ЖЭК) электр энергиясын өндіруі дәстүрлі көздермен салыстырғанда үлкен болмаса да, жылдан-жылға өсудің оң үрдісіне ие. Мысалы, егер 2009 жылы («Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заң қабылданғанға дейін) «жасыл» электр станциялары өндірісінің үлесі электр энергиясын жалпы өндіруге қатысты 1%-дан аз болса, 2025 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 7%-ға жетті.

1.3.5. 2025 жылы ЖЭК түрлері бойынша электр энергиясын өндіру



1.3.6. 2025 жылы компаниялар тобы бөлінісінде электр энергиясын өндіру



Қазақстанның БЭЖ электр энергиясының көп бөлігін «Самұрық-Энерго» АҚ (30%) және ERG (15%) электр станциялары өндіреді.


1.3.7. 2025 жылы ҚР БЭЖ-і тұтынуы

2025 жылы республиканың электр энергиясын тұтыну динамикасында 2024 жылдың ұқсас көрсеткіштерімен салыстырғанда 4 611,0 млн. кВт·сағатқа немесе 3,8%-ға өсу байқалды. Мәселен, республиканың Батыс және Оңтүстік аймақтарында тұтыну көлемі тиісінше 13,2%-ға және 8%-ға артты.

млн. кВтсағ


Өңір / энергия тораптары	2024 жыл	2025 жыл	2025 жылы 2024 жылға қатысты, %
Қазақстан БЭЖ бойынша барлығы, оның ішінде	119995.5	124606.5	103,8
Солтүстік аймақ	75335.3	75540.6	100.3
Шығыс Қазақстан энергия торабы	7571.0	7048.6	
Абай энергия торабы	3365.0	3414.9	
Қарағанды энергия торабы	15380.4	15120.2	
Ұлытау энергия торабы	3994.2	3882.6	
Қостанай энергия торабы	4780.2	4732.9	
Павлодар энергия торабы	19684.5	20054.2	
Ақмола энергия торабы	8461.3	8774.8	
Көкшетау энергия торабы	3292.8	3360.9	
Солтүстік Қазақстан энергия торабы	1757.9	1778.4	
Ақтөбе энергия торабы	7048.1	7373.2	
Оңтүстік аймақ	28376.9	30641.0	108.0
Алматы энергия торабы	12576.9	13324.0	
Жетісу энергия торабы	1623.1	1726.6	
Жамбыл энергия торабы	5074.3	5720.4	
Түркістан энергия торабы	6936.9	7601.7	
Қызылорда энергия торабы	2165.7	2268.3	
Батыс аймақ	16283.3	18424.9	113.2
Атырау облысы	8238.9	10271.3	
Батыс Қазақстан облысы	2462.7	2458.6	
Маңғыстау облысы	5581.7	5695.0	

2025 жылы Қазақстан БЭЖ аймақтары бойынша электр энергиясын ТҰТЫНУ (млрд.кВтсағ, %)



Қазақстанның жалпы тұтыну көлемінің жартысынан астамы (61%) Солтүстік аймаққа тиесілі.

2025 жылы Қазақстан БЭЖ энергия тораптары (облыстары) бойынша электр энергиясын тұтыну



Кестеден көрініп тұрғандай, тұтыну көлемі бойынша Павлодар, Қарағанды, Алматы және Атырау энергия тораптары көш бастап тұр.

Тұтынудың ең аз көлемі Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Жетісу энергия тораптарында байқалады.

2. Қазақстан БЭЖ-інің шектес энергия жүйелерімен сальдо-ағындары (экспорт/импорт).

Қазақстан-Ресей сальдо-ағыны (млн.кВтсағ)

	2025 жыл
ҚР-РФ сальдо-ағыны	2 479,3
ҚР - РФ сальдосы (Солтүстік)	1972,906
<i>оның ішінде коммерциялық жеткізілімдер (импорт)</i>	2411,913
<i>Коммерциялық жеткізілімдер (экспорт)</i>	-41,497
<i>Транзит</i>	335,116
<i>Теңгерімсіздікті реттеу мақсатында Ресей Федерациясынан сатып алу</i>	1138,142
<i>Теңгерімсіздікті реттеу мақсатында Ресей Федерациясында сату</i>	-1870,768
ҚР-РФ сальдосы (Батыс)	506,415
<i>оның ішінде коммерциялық жеткізілімдер (импорт)</i>	534,077
<i>Теңгерімсіздікті реттеу мақсатында Ресей Федерациясынан сатып алу</i>	219,614
<i>Теңгерімсіздікті реттеу мақсатында Ресей Федерациясында сату</i>	-247,276

Қазақстан - Орталық Азия сальдо-ағыны

	2025 жыл
ҚР-ОА сальдо-ағыны	983,7
<i>оның ішінде жоспардан тыс жеткізу</i>	15,43
<i>Коммерциялық жеткізілімдер (импорт)</i>	783,384
<i>Коммерциялық жеткізілімдер (экспорт)</i>	-1 447,358
<i>Транзит</i>	-335,116

3. «KEGOC» АҚ көрсететін жүйелік қызметтер [1]

1) 1998 жылдан бастап 2025 жылға дейін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу және ұлттық электр торабын пайдалану бойынша «KEGOC» АҚ көрсеткен қызметтерінің динамикасы.

Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет – Жүйелік оператор электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын көтерме сауда нарығының субъектілеріне және мемлекетаралық электр энергиясы транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, өз құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізетін тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға көрсететін қызмет.

Яғни, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу қызметтері көрсетіледі:

- Тұлғалар тобының тұтынушыларына, олармен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан жеткізу көлемі үшін, бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын жеткізу көлемі үшін және теңгерімдеуші нарықта электр энергиясын сатып алу көлемі үшін;


- басқа мемлекеттердің ұйымдарына Қазақстан аумағы арқылы ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясы транзитінің көлемі үшін;

- электр энергиясының импортын және (немесе) экспортын жүзеге асыратын субъектілерге;

- өнеркәсіптік кешендерге, бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші нарықтан электр энергиясын сатып алу көлемі үшін;

- екі жақты шарттар бойынша ЖЭК көздерінен сатып алу көлемі үшін көтерме сауда нарығы тұтынушыларына.

Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметі - жүйелік оператор электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушыларды және тұлғалар тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, көтерме сауда нарығы субъектісіне олардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуы және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асыруы кезінде көрсететін ұлттық электр торабына техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және пайдалану әзірлігінде ұстау бойынша қызмет.



2025 жылы ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтердің нақты көлемі 18 391 млн. кВт·сағатты құрады.

2024 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 570 млн. кВт·сағатқа немесе 3,0%-ға төмендеді.

Электр энергиясын жеткізу көлемінің төмендеуі Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын жеткізу көлемінің 2024 жылмен салыстырғанда 1 018 млн. кВт·сағатқа немесе 9,2%-ға азаюымен байланысты.


Сонымен қатар, 2024 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда, мемлекетаралық электр энергиясы транзитінің көлемі 240 млн. кВт·сағатқа немесе 3,6%-ға, ал электр энергиясы экспортының көлемі 208 млн. кВт·сағатқа немесе 16,8%-ға өскені байқалды.

2025 жылы «KEGOC» АҚ желілері арқылы Ресей-Қазақстан-Ресей және Ресей-Қазақстан-Қырғызстан бағыттары бойынша электр энергиясын транзиттелді. Мемлекетаралық электр энергиясы транзиті бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 6 884 млн. кВт·сағатты құрады.

2025 жылы ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтердің нақты көлемі 78 053 млн. кВт·сағатты құрады. Электр энергиясын тұтыну көлемінің артуы нәтижесінде бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 3 123 млн. кВт·сағатқа немесе 4,2%-ға өсті.

2) Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемі.

Техникалық диспетчерлендіру – Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру бойынша жүйелік оператор көрсететін қызмет.




2000 жылдан бастап электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтердің Қазақстанның электр энергиясын өндіру көлеміне барабар біртіндеп өсуі байқалады.

2024 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 5 860 млн. кВт·сағатқа немесе 5,3%-ға өсу орын алды. Өсімнің негізгі себебі электр энергиясын өндіру көлемінің артуы болып табылады

3) Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемі.

«KEGOC» АҚ 2008 жылдан бастап, теңгерімдеуші нарық имитациялық режимде іске қосылған сәттен бастап көтерме нарық субъектілері үшін электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетеді.

Нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы енгізілген сәттен бастап Ресейдің БЭЖ шекарасындағы теңгерімсіздіктерді реттеу шығындары теңгерімдеуші нарықта өтеледі, бұл ретте қызметтер көлемі өзгермейді.



Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 2025 жылы – 228 299 млн.кұрады, 2024 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 18 009 млн. кВтсағ немесе 8,6% - ға ұлғайды. Қызметтер көлемінің ұлғаюының негізгі себебі электр энергиясын өндіру-тұтынудың өсуі болып табылады.

4. Көтерме сауда нарығы субъектілерінің «Бірыңғай сатып алушыдан тыс» өзара қарым-қатынасы. Шартты тұтынушылар (өнеркәсіптік кешендер)

Электр энергетикасы саласындағы заңнамаға сәйкес электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығында субъектілердің жеке санаты – шартты тұтынушылар бөліп көрсетілген. Оларға өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын

сатып алатын көтерме сауда тұтынушылары, өнеркәсіптік кешендер және білікті тұтынушылар жатады.

Бұл ретте аталған субъектілер Электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы механизмінен тыс, өздерінің тұлғалар тобы ішінде электр энергиясын сатып алу-сатуды қамтамасыз етуге құқылы.

2025 жылы Тұлғалар топтарының тізілімінде «Казцинк», «Еуразиялық топ» және «Qarmet» («Қармет», тізілімнен 21.04.2025 ж. шығарылған) компаниялар топтары болды.

«Бірыңғай сатып алушыдан тыс» электр энергиясы нарығы ҚР БЭЖ-індегі жалпы генерация көлемінің шамамен 35,2%-ын құрайды.

5. Электр қуаты нарығы

Қуат нарығы тұтынушыларының берген өтінімдеріне сәйкес 2026 жылға арналған электр қуатына болжамды сұраныс (біріктірілген максимум мәндері) 12 013 МВт-ты (10 267 МВт – өтінімдер, 1 745 МВт – 17% резерв) құрайды.

Бұл ретте 2025 жылға арналған электр қуатына болжамды сұраныс 11 499 МВт-ты (9 824 МВт – өтінімдер, 1 675 МВт – 17% резерв) құраған болатын.

Осылайша, 2026 жылғы болжамды сұраныс 2025 жылмен салыстырғанда 604 МВт-қа артты.

2026 жылға арналған болжамды сұранысты жабу үшін бірыңғай сатып алушы энергия өндіруші ұйымдармен 12 013 МВт көлемінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасты:

- маневрлік генерация режимі бар, жаңадан іске қосылатын генерациялаушы қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарымен (265 МВт);

- уәкілетті органмен жасалған инвестициялық келісімдер бойынша (1 161,2 МВт);

- жылу-электр орталықтарының генерациялаушы қуаттарының технологиялық минимумдары көлемінде (3 454,9 МВт);

- электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша (7 131,5 МВт).

Қуат нарығы тұтынушыларының өтінімдеріне сәйкес 2026 жылға арналған жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі (абсолюттік максимум мәндері) 10 421,5 МВт-ты құрады, бұл 2025 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 415,9 МВт-қа артқан.

6. 2025 жылы электр энергиясын бірыңғай сатып алушы механизмі шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының жұмыс істеу қорытындылары

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жұмыс істеуі шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының қорытындылары [5]

2025 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясының бірыңғай сатып алушысы сатып алған электр энергиясының жалпы жоспарлы көлемі 73,907 млрд. кВтсағ-ты құрады, бұл ретте электр энергиясының бірыңғай сатып алушысының жоспарлы көлемдерді сатып алуға жұмсаған жалпы шығындары 1 431,037 млрд. теңгені (электр энергиясының өзіндік құны) құрады. 2025 жыл ішінде электр энергиясының бірыңғай сатып алушысының орташа өлшемді бағасы 1 кВтсағ үшін 27,54 теңгені құрады.

Сонымен бірге, Заңның 19-1-бабының 4-тармағына сәйкес, бірыңғай электр энергиясын сатып алушының электр энергиясын сатып алуы басымдық тәртібі бойынша төмендегідей қалыптасты:


- ЖЭК-ті қолдау жөніндегі РФО-мен ұзақ мерзімді шарттар жасасқан ЖЭК объектілерінен (барлығы 126) (1) тармақшаға сәйкес) – 1 кВтсағ үшін 37,17 теңге орташа бағамен, сомасы 270,829 млрд. теңгеге жоспарлы көлем 7,286 млрд. кВтсағ құрады;

- Энергия өндіруші ұйымдардың – жылуэлектр орталықтарының (30 ЭӨҰ) электр энергиясына арналған шекті тарифтері бойынша және қуат нарығында жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға инвестициялық келісімдер жасасқан энергия өндіруші ұйымдардың (9 ЭӨҰ) шекті тарифтері бойынша (тиісінше 2) және 3) тармақшаларға сәйкес), сондай-ақ операциялық тәулікте генерациялаушы қондырғылардың электрлік қуатын аттестаттаудан өтетін ұйымдардан – 1 кВтсағ үшін 18,59 теңге орташа бағамен, сомасы 575,166 млрд теңгеге 30,949 млрд. кВтсағ құрады;

- орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысатын электр станцияларынан (41 ЭӨҰ) (4) тармақшаға сәйкес) – 1 кВтсағ үшін 12,66 теңге орташа бағамен, сомасы 409,626 млрд теңгеге 32,342 млрд. кВтсағ құрады;

- импорттық электр энергиясы (4) тармақшаның 2-бөлігіне сәйкес) – 1 кВтсағ үшін 50,63 теңге орташа бағамен, сомасы 175,415 млрд. теңгеге 3,333 млрд. кВтсағ құрады.

Бірыңғай сатып алушының басымдығы бойынша электр энергиясын жоспарлы сатып алуы, млрд. кВтсағ.




- ұзақ мерзімді шарттар бойынша ЖЭК сатып алуы
- ЖЭО және ҚН-да ұзақ мерзімді шарттары бар ЭӨҰ-дан шекті тарифтер бойынша сатып алу
- ОС-та сатып алу
- Импортты сатып алу

Яғни, бірыңғай электр энергиясын сатып алушының көтерме сауда нарығы субъектілері үшін электр энергиясын жоспарлы сатып алуының жалпы көлемінен – көлемнің 44%-ын электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында бәсекелестік іріктеу тәсілімен сатып алу, 42%-ын – жылуэлектр орталықтарынан және Энергетика министрлігімен инвестициялық келісімдер (қуат нарығында жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға) жасасқан ЭӨҰ-лардан шекті тарифтер бойынша басымдықпен сатып алу, 10%-ын – ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ҚЕАО-мен ұзақ мерзімді шарттар жасасқан ЖЭК объектілерінен сатып алу, сондай-ақ 5%-ын – жоспарлы импорттық электр энергиясын сатып алу (Қазақстан БЭЖ-індегі тапшылық сағаттарда) құрады.

Бірыңғай электр энергиясын сатып алушының электр энергиясын жоспарлы сатып алу көлемінің 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы 3,560 млрд. кВт*сағ-қа төмендегенін, бұл ретте электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындардың (өзіндік құнының) 206,853 млрд. теңгеге өскенін атап өту қажет.

2024-2025 жылдары электр энергиясын сатып алу көлемдері, млрд. кВт*сағ




Көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу көлемінің төмендеуі тұтынушылардың көтерме сауда нарығынан бөлшек сауда нарығына, яғни бірыңғай электр энергиясын сатып алушыдан кепілдік беруші өнім беруші электрмен жабдықтаушы ұйымдарға (бұдан әрі – КБ ЭЖҰ) жаппай өтуімен негізделеді.

Электр энергиясы бағасының өсуіне байланысты әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, сондай-ақ инфляциялық дәлізді реттеу мақсатында, электр энергиясының көтерме сауда нарығында Бірыңғай электр энергиясын сатып алушыдан атаулы қолдау (КБ ЭЖҰ-ның бағалық реттелуі) қолданылады.

2023 жылы 25 КБ ЭЖҰ атаулы қолдау алды, олардың Бірыңғай сатып алушыдан жалпы тұтынудағы үлесі шамамен 18%-ды құрады, бұл ретте электр энергиясын сатып алудың өзіндік құны шамамен 13,5 теңге/кВтсағ болған кезде, электр энергиясын сатып алудың орташа өлшемді бағасы шамамен 9,97 теңге/кВтсағ құрады (анықтама үшін: БС-ның Қазақстанның электр станцияларынан электр энергиясын сатып алуға және электр энергиясының импортына жұмсаған шығындарының БС сатып алған көлемге қатынасы ретінде анықталады).

Сонымен бірге, КБ ЭЖҰ-ны атаулы қолдаудың Бірыңғай сатып алушының бағасына әсері 0,68 теңге/кВтсағ құрады.

2025 жылы КБ ЭЖҰ-ның Бірыңғай сатып алушыдан жалпы тұтынудағы үлесі рекордтық 64%-ға дейін өсті, ал КБ ЭЖҰ-ның сатып алу бағалары 2024 жылғы қаңтардан бастап іс жүзінде қайта қаралған жоқ және екі жылдан астам уақыт бойы орташа есеппен шамамен 13 теңге/кВтсағ құрап отыр, бұл ретте электр энергиясының өзіндік құны 9,2 теңге/кВтсағ-ға (2025 жылғы тамызда 22,71 теңге/кВтсағ) өсті.




Электр энергиясының өзіндік құны мен атаулы қолдау бағасы арасындағы алшақтықтың ұлғаюы (2023-2024 жылдардағы шамамен 3 теңгеден 2025 жылы 8,14 теңгеге дейін), сондай-ақ тұтынушылардың бөлшек сауда нарығына көшуі және жалпы тұтыну құрылымында КБ ЭЖҰ (кепілдік беруші жеткізуші энергиямен жабдықтаушы ұйымдар) тұтыну үлесінің артуы, 2025 жылғы тамызда атаулы қолдау бағасының Біріңғай сатып алушы бағасына әсерін 13,41 теңгеге дейін өсіруіне алып келді.



Кепілдік беруші жеткізуші энергиямен жабдықтаушы ұйымдар (КБ ЭЖҰ) тек халықты ғана емес, сонымен қатар заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдарды да электр энергиясымен қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Бұл ретте атаулы қолдау бағасы КБ ЭЖҰ тұтынуының бүкіл көлеміне қолданылады. Бұдан бөлек, тарифтерді саралау КБ ЭЖҰ-ның өз ішіндегі тұтыну құрылымында да орын алады. Оның жеке және заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдар үшін әртүрлі босату тарифтері болады. Бұл жағдай, КБ ЭЖҰ тұтынуының өсуін ескере отырып, босату тарифтерін саралау арқылы халық үшін бағаны субсидиялауға мүмкіндік береді.

Төменде 2024 және 2025 жылдардағы сатып алынатын электр энергиясының шығындары мен орташа бағаларының өсуін салыстыру көрсетілген.



2025 жылы Бірыңғай сатып алушы көтерме сауда нарығы субъектілеріне жалпы сомасы 1 364,754 млрд теңгеге 73,907 млрд кВтсағ көлемінде электр энергиясын сатты, оның ішінде:


- көтерме сауда нарығы тұтынушыларына сату көлемі 223,959 млрд теңге сомасына 17,127 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 23,2%-ы) құрады;
- энергия беруші ұйымдарға сату көлемі 247,839 млрд теңге сомасына 9,097 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 12,3%-ы) құрады;
- атаулы қолдау тізіміне енгізілген энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға — кепілдік беруші жеткізушілерге сату көлемі 570,170 млрд теңге сомасына 43,960 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 59,5%-ы) құрады;
- шартты тұтынушыларға сату көлемі 55,174 млрд теңге сомасына 1,981 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 2,7%-ы) құрады;
- инвестициялық тарифті алушыларға сату көлемі 1,444 млрд теңге сомасына 0,109 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 0,15%-ы) құрады;
- цифрлық майнерлерге сату көлемі 3,283 млрд теңге сомасына 0,185 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 0,25%-ы) құрады;
- экспортқа сату көлемі 21,784 млрд теңге сомасына 1,447 млрд кВтсағ (жалпы сату көлемінің 2%-ы) құрады.

Электр энергиясының өзіндік құнынан басқа, БС базалық бағасын есептеу кезінде «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген БС функцияларынан туындайтын өзге де шығындар ескерілетінін атап өткен жөн (Заңның 19-1-бабы 3-тармағының 3), 4), 5), 7), 11), 13), 14) тармақшалары).

Бұл ретте, талданған кезеңде Бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған сағаттық нақты базалық бағалары **11,66-дан 58,87 теңге/кВтсағ-қа** дейінгі аралықта құбылды.

Бірыңғай сатып алушының нақты базалық бағасы, теңге / кВтсағ			
ай	минималды	максималды	Бір айдағы орташа өлшемді баға
қаңтар	11,66	32,09	16,31
ақпан	18,67	34,06	24,08
наурыз	20,50	33,44	25,29

сәуір	19,50	48,51	27,26
мамыр	19,84	40,39	25,94
маусым	19,60	37,91	27,47
Шілде	19,38	48,67	30,98
Тамыз	19,59	56,36	34,07
Қыркүйек	18,71	49,85	30,83
Қазан	19,11	58,87	30,13
Қараша	21,24	58,66	31,13
Желтоқсан	20,38	47,47	27,01



Бірыңғай сатып алушының (БС) деректеріне сүйенсек, электр энергиясын сатуға арналған ең жоғары нақты базалық бағалар тәуліктің кешкі уақытына, яғни Астана уақытымен сағат 18:00-ден 23:00-ге дейінгі «кешкі ең жоғары жүктеме (пик)» кезеңіне сәйкес келді, ал ең төменгі бағалар — Астана уақытымен күндізгі сағат 9:00-ден 16:00-ге дейінгі уақытта тіркелді.

БС орташа базалық бағаларының құрамдас бөліктерінен ЖЭК-тен (жаңартылатын энергия көздерінен) сатып алудың орташа бағасы және импорттық электр энергиясы қымбат болып табылады, олардың орташа құны 1 кВтсағ үшін 37 теңгеден асады; осылайша, импорттық электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындар БС жалпы шығындарының шамамен 12,9%-ын, ал ЖЭК-тен электр энергиясын сатып алу шығындары шамамен 20%-ын құрады.

Бірыңғай сатып алушы Қазақстан Республикасына Ресей Федерациясынан, Өзбекстан Республикасынан және Қырғыз Республикасынан (бұдан әрі – ҚР) электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алады.

Ай	РФ-тен импорт көлемі, млн кВтсағ	РФ-тен импорт құны, млн теңге	РФ есеп айырысу тарифі (C=S/V)	ӨР-ден импорт көлемі, мың кВтсағ	ӨР-ден импорт құны, млн теңге	ӨР тарифі (C=S/V)	Импорттың жалпы көлемі, млн кВтсағ	Импорттың жалпы құны, млн теңге	Орташа тариф (C=S/V)	РФ-тен импорт көлемі, млн кВтсағ	РФ-тен импорт құны, млн теңге	РФ есеп айырысу тарифі (C=S/V)
қаңтар	125,76	7 134,04	56,73							125,76	7 134,04	56,73
ақпан	208,95	9 785,24	46,83							208,95	9 785,24	46,83
наурыз	68,20	4 172,28	61,18	16,79	491,91	29,30				84,99	4 664,19	54,88
сәуір	114,13	7 181,18	62,92	49,74	1 373,51	27,61				163,87	8 554,68	52,20
мамыр	23,56	1 702,16	72,24	38,09	1 072,92	28,17				61,66	2 775,08	45,01
маусым	161,49	9 317,54	57,70	40,91	929,26	22,71				202,40	10 246,80	50,63
Шілде	485,70	25 812,34	53,14	62,35	1 320,25	21,17				548,05	27 132,59	49,51
Тамыз	458,81	27 341,82	59,59	87,67	1 982,63	22,61				546,48	29 324,45	53,66
Қыркүйек	480,62	25 815,22	53,71	112,02	2 723,99	24,32				592,64	28 539,20	48,16
Қазан	282,56	18 979,06	67,17	73,25	1 825,68	24,92				355,81	20 804,74	58,47
Қараша	188,97	14 331,62	75,84	8,70	217,80	25,03				197,67	14 549,42	73,60
Желтоқсан	111,85	9 716,92	86,88				132,70	2 188,22	16,49	244,55	11 905,14	48,68
	2 710,62	161 289,42	59,50	489,53	11 937,94	24,39	132,70	2 188,22	16,49	3 332,85	175 415,58	52,63

Осылайша, 2025 жылғы электр энергиясының жоспарлы импортының орташа тарифі ҚҚС-сыз 52,63 теңгені құрады.

Сондай-ақ, Бірыңғай сатып алушы Қазақстан Республикасынан Қырғыз Республикасына электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатады:

ай	ҚР-дан ҚР-ға электр энергиясының жоспарлы экспорты		
	Э.э. өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелеріне сәйкес көлем, мың кВтсағ* (V)	Электр энергиясының нақты құны, мың теңге (ҚҚС-сыз) (S)	Э.э. өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелеріне сәйкес көлем, мың кВтсағ* (V)
қаңтар	206 011,00	3 040 722,36	14,76

ақпан	177 438,00	2 618 984,88	14,76
наурыз	293 949,00	4 338 687,24	14,76
сәуір	119 710,00	1 766 919,60	14,76
мамыр	31 790,00	469 220,40	14,76
маусым			
Шілде			
Тамыз	5 646,00	93 102,54	16,49
Қыркүйек	115 669,60	1 799 777,05	15,56
Қазан	164 303,45	2 601 674,55	15,83
Қараша	204 292,00	3 151 867,28	15,43
Желтоқсан	128 550,00	1 902 881,70	14,80
Жиыны	1 447 359,05	21 783 837,60	15,05

Импорттық және экспорттық электр энергиясын жеткізу бағалары мен шарттары 2023 жылғы 9 қарашадағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы РФ пен ҚР БЭЖ-нің (Бірыңғай энергетикалық жүйесінің) қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісім негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қырғыз Республикасы су шаруашылығы және энергетика ведомстволары басшыларының кездесу хаттамалары бойынша белгіленетінін атап өткен жөн.

7. Нақты уақыт режиміндегі ЭТН

1. Нарықтың 2025 жылғы негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мөні
Ішкі теңгерімдеу көлемі (сатып алу/сату)	10 641,8/ 9 897 млрд кВтсағ
Мемлекетаралық теңгерімдеу көлемі (сатып алу/сату)	1,75 / 2,49 млрд кВтсағ
ЭТН-де сатып алудың орташа өлшенген бағасы	20,62 тг/кВтсағ
ЭТН-де сатудың орташа өлшенген бағасы	20,58 тг/кВтсағ

2. . ҚР БЭЖ-індегі ішкі теңгерімдеуді талдау

млн кВтсағ

Ай	(-)Теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу (Дефицит)	(+)Теңгерімдеуші ә/э сату (Профицит)
қаңтар	943,5	912,7
ақпан	741,5	748,3
наурыз	974,5	759
сәуір	921,7	777,2
мамыр	1084	910,5
маусым	901	849,7
Шілде	831,2	888,2
Тамыз	831,6	689,3
Қыркүйек	666	807,6
Қазан	841,6	882
Қараша	928	792,7
Желтоқсан	977,3	879,8
Жиыны	10 641,8	9 897

3. Мемлекетаралық теңгерімдеуді талдау

Мемлекетаралық ағындар ҚР БЭЖ-нің (Бірыңғай энергетикалық жүйесінің) қорытынды теңгерімсіздігін өтеу үшін пайдаланылды. 2025 жылы көршілес мемлекеттердің энергия жүйелерінен электр энергиясын сатып алудың жиынтық көлемі **1,75** млрд кВтсағ-ты, ал сату көлемі — **2,49** млрд кВтсағ-ты құрады. Тоқсандық бөлініс өзара іс-қимылдың айқын маусымдық сипатын көрсетеді.

Тоқсан	РФ-тен сатып алу (миллион кВтсағ)	РФ-ке сату (млн кВтсағ)	ОА-дан сатып алу (млн кВтсағ)	ОА-ға сату (млн кВтсағ)
I тоқсан	238,1	477,9	97,8	97,4
II тоқсан	313,4	686,4	95,8	92,1
III тоқсан	458,5	411,1	93,6	84,7
IV тоқсан	347,8	542,6	102,2	99,8

4. Реттеудің нарықтық механизмдерінің жұмысын талдау

Автоматты реттеу (ЖҚАР)

2025 жылы жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің жұмысына 6 генерациялаушы компания қатысты. Осы механизм арқылы сатылған теріс теңгерімсіздіктердің жиынтық көлемі жалпы қаржы айналымы **17,5** млрд теңгені құрайтын **1 149 625** МВтсағ-ты құрады.

ЭТН-дегі аукциондар

млн кВтсағ

Ай	Көтеруге арналған іске қосылған өтінімдер көлемі (сатып алу)	Төмендетуге арналған іске қосылған өтінімдер көлемі (сату)
Қаңтар	14,14	1,23
Ақпан	2,21	1,51
Наурыз	10,24	0,18
Сәуір	7,49	0,09
Мамыр	15,78	5,95
Маусым	0,42	1,03
Шілде	0,88	-
Тамыз	11,17	-
Қыркүйек	1,11	5,52
Қазан	11,92	18,04
Қараша	9,56	6,51
Желтоқсан	13,31	7,47

5. Нарықтағы баға конъюнктурасы

Ай	Макс. баға (Солт.-Оңт.)	Мин. баға (Солт.-Оңт.)	Макс. баға (Батыс)	Мин. баға (Батыс)
Қаңтар	47,24	0,01	94,52	7,47
Ақпан	50,27	0,01	64,88	7,47
Наурыз	50,27	0,01	68,08	7,47
Сәуір	53,25	0,01	57,1	0,01
Мамыр	110,14	0,01	88,87	7,06
Маусым	79,10	0,01	107,16	0,01
Шілде	81,72	0,01	132,66	0,01
Тамыз	68,23	0,01	83,4	0,01
Қыркүйек	64,3	0,01	103,16	7,61
Қазан	73,27	0,01	73,27	8,4
Қараша	64,81	0,01	66,14	8,4
Желтоқсан	76,53	0,01	79,89	8,4

8. ЖЭК. Энергияны жинақтау жүйелері. Атом энергетикасы.

8.1. Жаңартылатын энергетиканы дамыту

2025 жылдың қорытындысы бойынша ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіру жөніндегі ақпарат.

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	2025 жыл бойынша
Белгіленген қуат, соның ішінде:	МВт	3 746,3
жел электр станциялары	МВт	2 071,0
шағын ГЭС	МВт	321,2
күн электр станциялары	МВт	1 353,0
биоэлектрстанциялар	МВт	1,1
Электр энергиясын өндіру оның ішінде:	млн.кВтсағ	8 652,2
жел электр станциялары	млн.кВтсағ	5 400,7
шағын ГЭС	млн.кВтсағ	1 175,1
күн электр станциялары	млн.кВтсағ	2 074,6
биоэлектрстанциялар	млн.кВтсағ	1,8
Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК өндірілетін электр энергиясының үлесі	%	7
2025 жылы ЖЭК (жаңартылатын энергия көздері) нысандарының электр энергиясын өндіруді ұлғайтуы 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,5%-ды құрады.		

8.2. Энергияны жинақтау жүйелері

«KEGOC» АҚ пилоттық жобасы

2023 жылғы 4 желтоқсанда Пекинде (Қытай) «KEGOC» АҚ, China Power International Development Limited (CPID), China Power International Holding Limited (CPIH) және «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі арасында Қазақстан Республикасының Бірытұтас электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясын жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы келісімге (бұдан әрңі – Келісім) қол қойылды.

Келісім шеңберінде China Power International Development Limited (CPID) компаниясы «KEGOC» АҚ қосалқы станциясында электр энергиясын жинақтау жүйесін орнатады. Пилоттық жобаның мақсаты Қазақстан БЭЖ-інде жаңартылатын электр энергиясының көздерін интеграциялау кезінде электр энергиясын жинақтау жүйелерінің энергия жүйесін реттеуге әсерін зерттеу болып табылады.

«Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің қолдауымен пилоттық жобаны іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясын жинақтау жүйелерін қолдану мәселелері бойынша

нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу жөнінде ұсынымдар әзірленетін болады.

Пилоттық жобаны іске асыру Қазақстан Республикасында электр энергиясын жинақтау технологияларын дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде елдегі электр энергиясының жаңартылатын көздері санының артуын қамтамасыз етеді.

Пилоттық жоба бойынша қуаты 3,45 МВт және сыйымдылығы 7,72 МВт электр энергиясын жинақтау жүйесін 220 кВ «Көкше» ҚС жанында орнату жоспарлануда.

ЭЖЖ бойынша құқықтық базаны кеңейту

«Баламалы энергия көздері мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде электр энергиясын жинақтау жүйелерін салу жобалары бойынша инвестицияларды қайтару механизмдері көзделеді.

Түзетулер жобасында инвестицияларды қайтарудың екі нұсқасы көзделеді:

- электр энергиясын жинақтау жүйелерінің жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша электр қуаты нарығында бірыңғай сатып алушымен жасалған шарт шеңберінде;
- электр энергиясының көтерме сауда / теңгерімдеуші нарықтарындағы бағалар төрелігі шеңберінде.

9. Халықаралық энергетикалық қатынастар.

9.1. Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерімен өзара қарым-қатынасы.

Орталық Азияның энергия жүйелерімен өзара қарым – қатынастар 17.06.1999 жылғы ҚР, Қырғыз Республикасы (бұдан әрі – ҚР), Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы (бұдан әрі – ӨР) Үкіметтері арасындағы Орталық Азия мемлекеттерінің энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі туралы келісіммен регламенттелген.

2025 жылға «KEGOC» АҚ мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында мынадай шарттар жасалды:

«НЭС Кыргызстана» ААҚ-мен шарттар:

- ҚР және ҚР энергия жүйелерінің шекарасындағы жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға және сатуға арналған шарттар;
- Қуатты(жиілікті)реттеу бойынша өзара қызметтер көрсетуге арналған шарттар;

- Қазақстан ҰЭТ арқылы РФ-тен Қырғызстанға электр энергиясын жеткізу (транзит) бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт.

«СОЛАРКОИН» ЖШҚ-мен шарт:

- Қазақстан ҰЭТ арқылы РФ-тен Қырғызстанға электр энергиясын жеткізу (транзит) бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт.

«Узэнергосотиш» АҚ-мен шарт:

- ҚР және ҚР энергия жүйелерінің шекарасындағы жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға және сатуға арналған шарттар;

- Қуатты(жиілікті)реттеу бойынша өзара қызметтер көрсетуге арналған шарттар.

9.2. Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру шеңберіндегі интеграция

2025 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығының (ЕАЭО ЖЭН) нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғасты.

2020 жылдың басынан бастап және 2025 жылдың ішінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде нарықтың жұмыс істеуі үшін нормативтік базаны қалыптастыру жөніндегі барлық негізгі іс-шаралар орындалды, атап айтқанда:

- 1) ЕАЭО ЖЭН шеңберінде электр энергиясын (қуатын) мемлекетаралық жеткізу бойынша қызметтерге қол жеткізу қағидалары (Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің (бұдан әрі – ЕҰАК) 03.02.2023 жылғы шешімі) бекітілді;

- 2) ЕАЭО ЖЭН-да мемлекетаралық қималардың өткізу қабілетін айқындау және бөлу қағидалары бекітілді (ЕҰАК 26.10.2023 № 6 шешімі);

- 3) Одақтың жалпы электр энергетикалық нарығында электр энергиясының өзара саудасының қағидалары бекітілді (ЕҰАК 26.10.2023 № 5 шешімі);

- 4) ЕАЭО ЖЭН-ға ақпарат алмасу қағидалары бекітілді (ЕҰАК-тың 01.10.2024 № 3 шешімі).

Сондай-ақ көрсетілген кезеңде Одақтың жалпы электр энергетикалық нарығындағы мерзімді келісімшарттар бойынша электр энергиясының орталықтандырылған сауда операторлары (Комиссия кеңесінің 25.11.2022 № 48 өкімі) және тіркеуші функцияларын орындайтын ЕАЭО ЖЭН-да электр энергиясының орталықтандырылған сауда операторы (Комиссия кеңесінің 04.07.2023 № 21 өкімі) айқындалды.

Қазіргі уақытта қосылу туралы шарт нысаны жобасы және оған тиісті регламенттер сараптамалық деңгейде пысықтау және келісу сатысында тұр.

10. Электр энергетикасы саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар

2025 жылы Қазақстанда электр энергетикасы және жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласын реттейтін заңнамада бірқатар өзгерістер болды.

2025 жылғы 12 маусымда Мемлекет басшысы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне аквамәдениет, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) қол қойды, оның шеңберінде Компанияның қызметіне қатысты түзетулер енгізілді.

Басқасымен қатар, Заңда мыналар көзделеді.

1. Жүйелік оператордың ЖЭК электр энергиясын сатып алуы.

Заң шеңберінде Жүйелік оператордың «Самұрық-Қазына» АҚ-ға (бұдан әрі – Қорға) тиесілі (тікелей немесе жанама) ЖЭК ЭӨ-ден электр энергиясын сатып алу мүмкіндігі көзделеді.

Түзетулерге сәйкес, келесі заңдарға өзгерістер көзделген:

1) «Электр энергетикасы туралы» Заңға, мына бөлігінде:

- Жүйелік оператордың акцияларының кемінде 25%-ы Қорға тиесілі ЖЭК ЭӨ-ден технологиялық және өндірістік қажеттіліктерге электр энергиясын сатып алу құқықтары.

Аталған ережелер 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Бұл ретте, жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары Жүйелік оператор мен ЖЭК ЭӨ міндеттемелері толық орындалғанға дейін қолданылады.

2) «Табиғи монополиялар туралы» Заңға ЖЭК ЭӨ-ден электр энергиясын сатып алудың ұсынылатын механизмін ескере отырып, тариф белгілеу бөлігінде түзетулер енгізіледі:

- шарттың қолданылу мерзімі ішінде ТМРК тарифтерді белгілеу кезінде Жүйелік оператордың ЖЭК ЭӨ-ден электр энергиясын сатып алуға арналған шығындарын ескереді;

- ЖЭК-пен шарт жасасу тарифтің мерзімі аяқталғанға дейін оны өзгерту үшін негіз болып табылады.

2. Инвестициялық тариф енгізілді

Инвестициялық тариф – бұл инвестициялық міндеттемелерді жабу үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған «преференция».

Инвестициялық тариф берілген станцияның шиналарына қосылған тұтынушылар электр энергиясын электр энергиясының көтерме сауда нарығының жұмыс істеуінің қолданыстағы механизміне сәйкес Бірыңғай

сатып алушыдан «жеңілдік бағасы» бойынша (шиналарына тұтынушы қосылған энергия өндіруші ұйымның тарифі бойынша) сатып алады.

Инвестициялық тарифті алу үшін субъектілер Үкіметке негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, өтінім береді. Инвестициялық тарифті беру туралы шешім қабылданған жағдайда көтерме сауда ұтынушылары тиісті тізбеге енгізіледі.

Инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесін Үкімет бекітеді.

Заңда инвестициялық тарифті алушылар Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметке ақы төлейтіні көзделген.

Бұл түзетулер 2025 жылғы 24 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ «Электр энергетикасы туралы» Заңға шектес елдермен өзара іс-қимыл шеңберінде реттеу бойынша қызметті сатып алу талаптарын регламенттейтін ережелерді алып тастау және тараптардың келісімі бойынша, яғни жасалған екіжақты шарттарға сәйкес қызметке бағаны айқындау механизмін сақтау бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізді.

Тиісті түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджеттік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және «Концессиялар» туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» 2025 жылғы 15 наурыздағы Заңмен енгізілді.

«Электр энергетикасы туралы» Заңның 13-бабы 3-6-тармағына сәйкес 2025 жылғы 1 шілдеден бастап электр қуатын реттеу бойынша қызметті сатып алу бағасы мынадай бағалардың ең жоғарысынан төмен болмауы тиіс өзгерістерді қолданысқа енгізу көзделген: осы қызметті Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден сатып алудың ең жоғары бағасы және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге сатудың ең жоғары бағасы.

Бүгінгі күні Жүйелік операторға электр қуатын реттеу бойынша бұл қызметті шарт негізінде отандық энергия өндіруші ұйымдар көрсетеді. Жүйелік оператордың осы қызметке ақы төлеу бойынша шығыстары көтерме сауда нарығының барлық субъектілеріне көрсетілетін электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметке арналған тарифте ескеріледі.

Өз кезегінде, жоғарыда аталған норманың күшіне енуі Жүйелік оператордың шығындарының өсуіне әкелді (барлық электр энергиясын тұтынушылар үшін электр энергиясын теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметке тарифтің өсуі 6%-ды (0,060 теңге/кВтсағаттан 0,063 теңге/кВтсағатқа) құрайтын еді.

Пайдаланылған әдебиеттер және дереккөздерге сілтемелер

[1] «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС сайты. Available: <https://rfc.kz/ru/power-market/prices-and-rates/results-of-centralized-trading/>.

[2] «КОРЭМ» АҚ сайты. Available: https://www.korem.kz/rus/sc_bem/pricesc_bem/.

[3] «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС . Available: <https://rfc.kz/ru/single-purchaser-of-electricity/prices-and-rates/>.